

ЖАРИЯ ОФЕРТА ШАРТЫ

Осы шарт жеке тұлғаларға (бұдан әрі - «Клиент») арналған.

Онлайн-сервисті «КРІ» коллекторлық агенттігі» ЖШС (бұдан әрі - «КА») ұсынады. Клиент пен КА төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - «Шарт») жасасады.

Терминдер мен анықтамалар

«КРІ» коллекторлық агенттігі» ЖШС - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және әрекет ететін заңды тұлға (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің коллекторлық агенттіктер тізіліміне 01.07.2021 жылғы № KZ56RRE00035663 нөмірімен енгізілген).

Жария оферта - КА Сайтта жариялайтын және Клиенттерге арналған онлайн-сервисті пайдалану туралы осы ұсыныс.

Сайт - <https://kkpi.kz/>

Клиент - талап ету құқықтары КА-ға тиесілі берешекті өтеуге ниетті кез келген жеке тұлға.

Онлайн төлем - интернет-эквайринг жүйесі арқылы Интернет желісін пайдалана отырып, банк картасымен берешекті өтеу жөніндегі ақшалай міндеттемені орындау.

Шарттың мәні (Негізгі ережелер)

1. Шарттың мәні жария оферта болып табылады (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 395-бабының 5-тармағына сәйкес, жария оферта - ұсыныс жасаушы тараптың ұсыныста көрсетілген талаптармен оған үн қататын кез келген тұлғамен шарт жасасуға еркі көрінетін және шарттың барлық елеулі талаптарын қамтитын ұсыныс). Офертаның акцепті - онлайн-сервисті пайдалану (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 396-бабына сәйкес). Акцепт - оферта жолданған тұлғаның оны қабылдағаны туралы жауабы. Акцепт толық әрі бұлтарыссыз болуға тиіс. Осы жария оферта шартын акцептеу жөніндегі әрекеттерді жасай отырып, Клиент өзінің құқық қабілеттілігі мен әрекет қабілеттілігін, сондай-ақ КА-мен шарттық қатынастарға түсуге заңды құқығы бар екенін растайды. КА онлайн-сервисін пайдалану арқылы оның талаптарымен келісім білдіру Шартты жасасуға толық әрі бұлтарыссыз келісім (бұдан әрі - Акцепт) болып табылады.

2. Шартты акцептеу Клиенттің осы ұсыныстың барлық ережелерімен келісетінін білдіреді және Шартты, сондай-ақ оған барлық қосымшаларды жасасуға теңестіріледі. Осыған байланысты Жария офертаның мәтінін мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Егер Сіз оның қандай да бір тармағымен келіспесеңіз, КА Сізге офертаны акцептеуден бас тартуды ұсынады.

Онлайн-сервисті пайдалану

3. Сайтта орналастырылған талаптармен, сондай-ақ Жария офертамен танысқаннан кейін Клиент өзінің Т.А.Ә., электрондық пошта мекенжайын (Email), байланыс телефон нөмірін, шарт нөмірін, борышкердің ЖСН-ын көрсетеді және Онлайн төлем жасайды.

3.1. Банк картасының деректерін енгізуге арналған бетте банк картасының мынадай деректерін енгізу қажет: карта нөмірі, карта иесінің аты-жөні, картаның қолданылу мерзімі, үш таңбалы қауіпсіздік коды (VISA үшін CVV2 немесе MasterCard үшін CVC2). Барлық қажетті деректер картаның өзінде көрсетілген. Үш таңбалы қауіпсіздік коды - картаның артқы жағында орналасқан үш цифр. Одан кейін Клиент SMS арқылы келетін 3D Secure кодын енгізу үшін банктің бетіне қайта бағытталады. Егер Клиентке 3D Secure коды келмесе, карта шығарған банкке жүгіну қажет. Жоғарыда көрсетілген әрекеттер орындалғаннан кейін процессингтік орталық Клиенттен сұрау алады және Клиенттің төлемін КА-ның есеп айырысу шотына аударады.

3.2. Интернет арқылы төлем жасау қызметі Visa, MasterCard халықаралық төлем жүйелерінің және өзге де төлем жүйелерінің қағидаларына сәйкес, төлем жасаудың құпиялылығы мен қауіпсіздігін сақтау қағидалары негізінде жүзеге асырылады. Бұл үшін деректерді тексерудің, шифрлаудың және жабық байланыс арналары арқылы берудің заманауи әдістері пайдаланылады.

4. Онлайн-сервисті пайдалану кезінде Банк пен КА барлық қажетті ақпаратты жинауға және өңдеуге құқылы.
5. Ақшалай қаражатты қайтару үшін Клиент КА реквизиттерінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына ресми сұрау жіберуі тиіс. Ақшалай қаражат КА-ның ресми жауабы берілген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қайтарылады. Клиенттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Клиенттің өтініші бойынша ақшалай қаражат қайтарылған жағдайда, қаражат тек сол ақша бастапқыда келіп түскен сыртқы шотқа қайтарылады.
6. Банк төлем туралы деректерді қабылдайды және Клиенттің атынан ақшаны КА-ның есеп айырысу шотына аудару қызметін уақтылы көрсетеді.
7. Клиент <https://kkri.kz/> сайтында төлем жасау кезінде өзі көрсеткен анық емес немесе дұрыс емес ақпарат үшін дербес жауапты болады.
8. КА қағидаларын және Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын күмәнді әрекеттер анықталған жағдайда немесе осындай әрекеттерге күдік туындаған кезде КА өзінің сайты арқылы төлемді қабылдамауға және төленген қаражатты Клиенттің есеп айырысу шотына қайтаруға құқылы.
9. Сұрақтар немесе шағымдар туындаған жағдайда Клиент Клиенттермен жұмыс істеу қызметіне info@kkri.kz электрондық поштасы арқылы жүгіне алады.

Құпиялылық және дербес ақпаратты қорғау

10. Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы заңнамасына сәйкес КА Клиенттің кез келген ақпаратын жинауға, өңдеуге, сақтауға, пайдалануға, беруге (таратуға, қол жеткізуді ұсынуға) және жоюға (бұдан әрі жиынтық түрде - «Өңдеу») құқылы. Мұндай ақпаратқа, оның ішінде Клиенттің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері, мекенжайы және Клиентке, сондай-ақ Клиентпен байланысты өзге де тұлғаларға тікелей немесе жанама қатысты және КА мен Клиент арасындағы шарттық қатынастар қолданылатын кезеңнің кез келген уақытында КА-ға қолжетімді болатын өзге де ақпарат (бұдан әрі - «Дербес деректер») жатады.
11. КА Клиенттің Дербес деректерін өңдеу кезінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге міндеттенеді. КА Клиенттің Дербес деректерін оларға қатысты заңсыз немесе кездейсоқ әрекеттерден, оның ішінде оларға заңсыз қол жеткізуден, жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, беруден және таратудан қорғауға бағытталған қажетті құқықтық, техникалық және ұйымдастырушылық шараларды қабылдауға міндеттенеді.
12. КА және онымен үлестес заңды тұлғалар Офертада көрсетілген мақсаттар үшін қажетті көлемде Клиенттің Дербес деректерін өзінің үлестес тұлғаларына, контрагенттеріне және өзге де үшінші тұлғаларға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Дербес деректерді сұратуға уәкілеттік берілген мемлекеттік органдарға беруге құқылы.
13. Клиенттің Дербес деректерін өңдеу тек Офертаның мақсаттары, Клиенттің төлем жасауы, шешімдер қабылдау немесе Клиентпен ынтымақтастық мәселелеріне қатысты өзге де әрекеттерді жүзеге асыру үшін жүргізіледі.
14. Клиенттің Офертада көрсетілген мақсаттар үшін өзінің Дербес деректерін өңдеуге берген жазбаша келісімі Клиент Офертаны қабылдаған сәттен бастап алынған болып есептеледі.
15. Офертаға сәйкес Клиенттің Дербес деректерін өңдеуге берген келісімі Оферта қабылданған күннен бастап 10 (он) жыл бойы қолданылады.
16. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиент кез келген уақытта КА мен Банкке олардың заңды мекенжайлары бойынша жазбаша хабарлама жіберу арқылы өзінің Дербес деректерін өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алуға құқылы. КА мен Банк осындай кері қайтарып алу туралы хабарламаны алған сәттен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Клиенттің Дербес деректерін өңдеуді тоқтатуға және оларды жоюға міндетті. Клиенттің сұрауы бойынша КА мен Банк Дербес деректердің жойылғаны туралы жазбаша растау береді.

17. КА ақпаратты, оның ішінде мынадай мақсаттарда пайдаланады:

- Клиенттің берешегін өтеу үшін;
- Клиент пен Банк алдындағы өз міндеттемелерін орындау үшін;
- КА сайтының жұмысын бағалау және талдау үшін.

18. КА «cookies» технологиясын пайдалануға құқылы. «Cookies» құпия ақпаратты қамтымайды және үшінші тұлғаларға берілмейді. КА Сайтқа кірушінің IP-мекенжайы туралы ақпарат алады. Бұл ақпарат Клиент алаяқтық әрекеттер жасаған жағдайларды қоспағанда, Клиенттің жеке басын анықтау үшін пайдаланылмайды.

19. Клиент КА-ға берілетін дербес деректердің дұрыстығы үшін жауапты болады.

Өзге де талаптар

20. КА Клиентпен алдын ала келіспей, кез келген уақытта Шарт талаптарын біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы. Бұл ретте өзгертілген талаптардың Сайтта жариялануын қамтамасыз етеді. КА қауіпсіз пайдалану шарттарына байланысты ықтимал тәуекелдер үшін, сондай-ақ Сайтқа жасалған желілік шабуылдар немесе оны бұзу салдарлары үшін, соның ішінде, бірақ олармен шектелмей, техникалық себептерден туындаған Сайт жұмысындағы іркілістер үшін жауапты болмайды.

21. Тараптар еңсерілмейтін күш мән-жайлары әрекет еткен кезеңде Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына кедергі келтіретін төтенше және еңсерілмейтін мән-жайлар түсініледі. Оларға табиғи апаттар; ядролық жарылыстың, радиацияның (иондаушы сәулеленудің) немесе ядролық қару материалдарымен, өндірістік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының материалдарымен немесе радиоактивті қалдықтармен радиоактивті ластанудың әсері; соғыстар; әскери басып кіру; шетелдік жаудың дұшпандық әрекеттері; әскери маневрлер және олармен байланысты әскери сипаттағы іс-шаралар; азаматтық соғыс; қарулы бүлік; халық толқуларының кез келген түрлері; жаппай тәртіпсіздіктер; билікті күшпен басып алу немесе күшпен ұстап тұру; эпидемиялар; метеорологиялық жағдайлар; террористік әрекеттер; ереуілдер; алып қою; тәркілеу; мемлекет меншігіне алу және т.б. жатады. Бұл ретте жалпыға мәлім оқиғалар қандай да бір қосымша растауды талап етпейді.

22. Осы Оферта бойынша құқықтық қатынастардан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі. Келіссөздер барысында туындаған дауларды шешу мүмкін болмаған жағдайда, мұндай даулар талап қоюға дейінгі тәртіпті міндетті түрде сақтай отырып, Қазақстан Республикасының Алматы қаласындағы сотының қарауына беріледі.

23. Сайтта жарияланған суреттер мен мәтіндер авторлық құқықпен қорғалады. Материалдарды кез келген түрде пайдалануға КА-ның жазбаша рұқсатымен ғана жол беріледі.

24. Жария офертаның осы нұсқасы қолданыстағы нұсқа болып табылады және оның барлық алдыңғы нұсқаларын ауыстырады.

25. Клиент өзінің бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін КА-ға немесе сотқа жүгінуге құқылы.

Сұрақтар туындаған жағдайда Клиент КА-ға мына мекенжай бойынша жүгіне алады: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58А/1, 4-кеңсе.

КА деректемелері

БСН: 210540032049

ЖСК (шот): KZ166018861000759071

Банк: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ

ТТК: 421

БЕК: 17

БСК: HSBKKZKX

Мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58, 4-кеңсе.